Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

31 қаңтар сейсенбі
№9 (1916)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Ұлы дала төсінде еркін ойқастаған бабаларымыз жылқыны қолға үйретіп, арбаны да ойлап тауып еді. Баспанам деп киіз үйді, қорғанам деп қаруды, түрлі әшекей бұйымды, тіпті киімді ешкімге жалынбай өздері өндірді емес пе? Біздің бабалар ойлап тапқан арбаны көлік біткеннің түп атасы десек, қателесе қоймаспыз. Басқалар сол арбадан жүз есе, тіпті мың есе мықты автомашинаны жасап жатқанда, соның қайнар бастауында тұрған біздің қолымыздан неге дым келмей жатыр? Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанайға сапарында Allur автомобиль зауытының жұмысымен танысты. Зауыт басшылығының айтуынша, былтыр 614,2 миллиард теңгенің өнімі өндірілген. Тіпті өткен жылы бұл зауыттан құны 21,5 миллиард теңге болатын өнім экспортталған көрінеді.

Өткен аптада Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Инвестициялық штаб отырысы өтті. Үкімет отырысында жылдың қорытындысымен нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу мәселелері қаралып, биылғы міндеттер талқыланды.

АЙМАҚ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДАН АЛҒА ШЫҚТЫ

Үкімет басшысы инвестиция тарту бойынша Қызылорда облысы өңірлер арасында бірінші орында екенін айтты. 2022 жылы аймақтың негізгі капиталға салынған инвестиция индикаторының жоспары 373,5 млрд теңгені құраса, нақты облыс 409,5 млрд теңге қаражат тартып, жоспарды 9,6% артығымен орындаған. Көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 106,7 млрд теңгегеге, яғни 26,8 пайызға өскен.

Отырыста аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев биыл тартылған инвестиция көлемі 10%-дан кем емес өсім көрсетуі керектігін баян етті.

Сонымен қатар Қызылорда қаласы мен аудандарға меже бекітуге және әрбір басқарма, аудан, қала әкімдіктерінен инвестициялық жоба бойынша жауаптыларды бекіту туралы ұсыныс әзірлеуді тапсырды. Инвестициялық жобалар ел игіліне пайдаланылса, өңірдің экономикалық дамуын өрге тартатыны сөзсіз.

ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗ АВТОКӨЛІГІ БОЛУҒА ТИІС

2020 жылдың 19 ақпанында primeminister.kz сайтына жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2019 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің машина жасау саласындағы автомобиль өнеркәсібінің үлесі 26%-ды құраған. Нақтырақ айтсақ, 50 мыңнан астам техника өндіріліп, 2,7 мыңға жуық автомобиль экспортталды.

Президенттің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сүйенсек, Қостанайдағы көлік зауытында 2 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Аз емес. Кәдімгі іргелі ауылдың халқымен тең. Қызылорда да осындай көлік зауыты болса қатып кетер еді. Тағы бір атап өтерлігі, Allur автомобиль зауытының жаңадан іске қосылған желісі Kia Sportage моделіне арналған. CKD – шанақтарды дәнекерлеу, бояу және құрастыру жөніндегі технологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын шағын торапты автомобиль өндірісі. Ол үшін арнайы цехтар ашылған. Kia өндірісінің осы технологиялары Орталық Азия мен ТМД бойынша Қазақстанда ғана орналасқан.

Шынтуайтына келгенде, елімізде құрастырылатын басқа да көліктер аз емес. Олардың қатарына Granta, Kalina, Largus, Vesta, Xray, Нива, КамАЗ, ВАЗ, Lada, Hyundai, Chevrolet сынды маркалы автокөліктерді жатқызуға болады. Ал автокөлік құрастырушылардың қатарында «Азия-авто», Allur, «Астана моторс», «СарыарқаАвтоПром» сынды басқа да кәсіпорындар бар. Бірақ біздікілер арнайылап, бастан-аяқ өздері жасап жатқан жоқ, тек дайын дүниені құрастырумен ғана шектеліп

отыр. Әрине, жоқтан жақсы. Дегенмен елімізге қазақстандық брендті автокөлік керек.Әрі ол қазақы атаумен аталуы тиіс. Қашанғы жұрттың көлігін құрастырып, «дайын асқа тік қасық» бола береміз?.. Орыс пен қытай сынды алпауыт көршілерді айтпағанның өзінде өзіміз тақылеттес өзбектің де өз автокөлігі бар. Жоғарыдағы ағалар осыған қашан назар аударар екен?...

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

БАНКРОТ БОЛУ НЕСИЕНІ КЕШІРУ ЕМЕС

Көктемді асыға күтіп жүрміз... Расында, биылғы көктемді асыға күтіп жүргендер аз емес. Несиеден-несиеге өмір сүріп, табысы түгелімен несие төлеуге кететін жандарға көктем жақсы жаңалықтың хабаршысындай үлкен үмітпен жетпек.

Бүгінде «осы қарызымнан құтылсам, енді несие алмаспын» деп жаңа заңның жүзеге асуын асыға күткендер аз емес. Анығын айтқанда, банкроттық туралы заңды несиені кешіру деп қате түсініп жүргендер баршылық. Шын мәнінде, бұл заң жүзеге аса бастағанда несиені кешірмейтінін әрбір адам түсіну керек.

Жылдар бойы айтылып, әбден талқыланып, нәтижесінде «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң қабылданды. Наурыз айының алғашқы күнінен жүзеге аса бастайтын заңның мақсаты – халықтың шектен тыс несие алуын азайту.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып жасалған заңда банкрот болудың үш түрлі тәсілі енгізілген. Яғни соттан тыс, сот арқылы және төлем қабілетін қалпына келтіру. Тағы бір айта кетерлігі, банкрот болу – банкке қарызы бар әрбір адамның өз бастамасымен ғана жүзеге асады. Бұған банктер немесе қаржылық ұйымдар араласа алмайды. Бір сөзбен айтқанда, өз жағдайыңыз өзіңізге мәлім болғандықтан, шешім қабылдайтын да өзіңіз екенін еске саламыз. Ең бастысы, бұл несиеңізді түгел кешіріп береді деген ұғымнан аулақ болғаныңыз жөн. Демек табысыңыз да, қарызыңыз да өз жауапкершілігіңізде.

2 БЕТТЕ

Еліміз бойынша 127 мыңнан астам үй су басу қаупі бар аймақта орналасқан. Бұл жөнінде Үкімет отырысында төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин айтты. Министр Қазақстан көктемгі тасқынға дайын емес екендігін жеткізді.

КӨКТЕМГІ ТАСҚЫНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Әні-міне дегенге көктем мезгілі де келеді. Күн әп сәтте жылыған кезде су тасқыны болып, жылда кейбір аймақтар әбігерге түсетін. Сондықтан да биыл ТЖМ алдын-алу шараларын ерте бастап та кетті.

3 БЕТТЕ

«Aqmeshit-aptalygy.kz» ақпарат агенттігінің телеграм арнасында жарияланған «Халқына жақын әкім кім?» сауалнамасы негізінде қалаға қарасты Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықов жеңімпаз атанғанын өткен аптада жариялаған едік. Жас та болса ел басқару ісіне араласып, өзінің білім-білігі, іскерлігі арқасында тасбөгеттіктердің ықыласына бөленген кент әкімімен әңгімелесудің сәті түсті. Мемлекеттік қызметтің қазанында қайнап жүрген жеңімпаз кент әкімі Семсер Сыздықовпен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

Тасбөгет кентінің әкімі Семсер СЫЗДЫҚОВ:

КЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫ ЛАЙЫҚТЫ БАҒА БЕРЕДІ ДЕП ОЙЛАДЫМ

3 БЕТТЕ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ӘКІМ БІТКЕННІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ

«Әкімге алты сауал» айдарының кезекті қонағы – Талсуат ауылдық округінің әкімі Жылқыбай Айбек Жамалұлы.

Біздің анықтама:

Жылқыбай Айбек Жамалұлы – Талсуат ауылдық округінің әкімі.

1979 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген.

2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Экономист-маркетолог» мамандығы бойынша бітірген.

Жалпы еңбек өтілі – 21 жыл.

2020 жылдан бері Талсуат ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарады.

Былтыр жыл соңында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойған болатын.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ КІМДЕРГЕ ТЕГІН?

Аталған заң азаматтық авиация, автомобиль жолдары, теңіз және темір жол көлігі, жер қойнауын пайдалану саласындағы қызметті жетілдіру мақсатында жүзеге асырылуда. Әсіресе «Бақытты бала – бақытты ана – бақытты отбасы – бақытты ел» жол картасына сәйкес жолаушылардың жекелеген санаттарына қоғамдық көлікте жол ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру қарастырылған. Заңдағы бұл өзгеріс 1 наурыздан бастап күшіне енбек.

2 БЕТТЕ

БАНКРОТ БОЛУ НЕСИЕНІ КЕШІРУ ЕМЕС

Үкімет отырысында Премьер-министр Әлихан Смайылов банкроттық деген қарызды төлемеу емес екенін атап айтты.

– Биыл наурызда азаматтардың төлем қабілеттігін қалпына келтіру және банкроттық туралы заң қолданысқа енеді. Бұл құжат кредитін төлей алмай, қиындыққа тап болған жеке тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Заңда рәсімдердің үш түрі қарастырылған, яғни соттан тыс банкроттық, сот арқылы және төлем қабілетін қалпына келтіру. Мұндай рәсімдерге қарыз алушының өзі ғана бастамашы бола алады. Азаматтарды міндетті түрде қаржылық сауаттылықты арттыру курсынан өтуі көзделіп отыр. Заң күшіне енгеннен кейін азаматтардың жауапкершілігі артатын болады. Алдағы уақытта жылдам қарыз алу үшін кредиттік тарихының дұрыс болуына азаматтардың өздері мүдделі болуы тиіс. Банкрот деп мойындау қарыздарды төлемей кету емес, тек шарасыз жағдайдағы көмек екенін әркім білуі керек, – деді Үкімет басшысы.

Сонымен банкроттық қалай жүзеге асады? Үкімет отырысында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова шектен тыс қарыз қамытын мойнына іліп алғандарды санмен сөйлетті. Оның айтуынша, 2022 жылғы 11 айда банктердің жеке тұлғаларға несиесі 29,4 пайызға, яғни13,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Оның ішінде тұтынушылық несие көлемі 24,1 яғни пайызға, 7,6 трлн теңгеге дейін өсіп, қарыз алушылардың жалпы саны 6 млн 868 адамды құрады. 90 күннен астам мерзімі өткен несиелердің үлесі 5,6 пайызды немесе 461 млрд теңгені құрады. 90 күннен астам мерзімі өткен қарыз алушылар саны жыл басынан бері 121 мың адамға ұлғайып, 536 мың адамды құрады. 2022 жылғы 11 айда шағын несиелердің көлемі 42,7 пайызға, яғни 979 млрд теңгеге дейін өсіп, қарыз алушылардың жалпы саны 1 млн 528 адамды құрады. 90 күннен астам мерзімі өткен шағын несиелердің үлесі 8 пайыз немесе 76 млрд теңге. 90 күннен астам мерзімі өткен қарыз алушылар саны жыл басынан бері 115 мың адамға төмендеп, 257 мың адамды құраған. Алдағы уақытта тұтынушылық несиені беру қатаңдай түсетін сияқты.

– Халықтың шамадан тыс несие алуын азайту үшін тұтынушылық несие беруді реттеуді қатаңдату жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда, – дейді қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы.

Белгілі экономист мамандар банкрот болудың өз талабы бар екенін алға тартады. Экономист Мақсат Халықтың айтуынша, банкрот деп жариялау үшін азаматтар сол талапқа сай болуы керек.

– Заң бойынша азаматтар кемінде 1 жыл бойы несиесін төлемеген болса, өздерін банкрот деп жариялауға құқы бар. Бірақ банкрот болу үшін оның табысы өте төмен, яғни жан басына шаққанда күнкөріс шегінен төмен болуға тиіс. Қазір ең төменгі күнкөріс деңгейі 40 мың, сонда бір отбасында 5 адам бар десек, ол отбасының кірісі 200 мыңнан төмен болуы шарт. Сондай-ақ атында мүлкі болмауы керек. Көлігі, жер учаскесі болса, бәрі қаралады. Соңғы үш жылда мүлкін біреуге сыйға тарту секілді мәліметтер болса, онда ол азаматтарды банкрот деп танымайды, – дейді ол.

Сондай-ақ банкроттықтың 3 түрлі рәсімінің өзіндік талабы бар. Экономист маман оны былай түсіндірді:

– Заң бойынша банкроттық үш кезеңде жүреді. Біріншісі сотқа дейінгі кезең. Ол 5 млн 520 мың теңгеге дейінгі қаражат. Қазір халықтың басым бөлігі сотқа дейінгі процеске түсіп тұр. Мұны ұйымдастыру жұмысына қаржы министрлігі жауапты. Министрлік қарамағында қаржылық басқарушы деген мамандарды қоюға әзірленуде. Олар азаматтардың банкрот деп жариялау процесін толық қадағалап, көмектеседі деп отыр. Бірақ сол мамандар дайын ба? Ертең 1 наурыздан бастап заң күшіне енгенде көп азамат банкроттыққа өтініш беруі мүмкін. Сол азаматтардың барлығымен жұмыс істеуге және барынша көмектесуге мамандар қаншалықты дайын болады? Саны жеткілікті ме? Осының бәрі үлкен сұрақ күйінде қалып отыр. Сондай-ақ азаматтарымызды жүгіртпейміз, арнайы онлайн платформада жүзеге асады деп айтып отыр. Оның өзі қаншалықты жүзеге асады? Платформаны жасау процесі енді қолға алынып отыр. Қаншалықты үлгереді және бір мезетте халық банкроттыққа өтініш берсе, мұндай жүктемені платформа көтере ала ма? Міне, осындай сұрақтар аз емес.

Екінші рәсім сот арқылы банкрот болу. Бұл 5 млн 520 мыңның үстінде берешегі асып кеткендерге арналған. Әрине, сот арқылы банкрот болу процесі қиындау. Өйткені тез арада жүзеге аспайды, 6 айға дейін созылуы мүмкін. Өйткені сот процесінде азаматтың жеке мүлкінің бар-жоғы тексеріледі, өзін банкрот деп жариялағаннан кейін де ол азаматтың кіріс-шығыстары үш жыл бойы бақылауда болады. Егер де аяқастынан табысы көбейіп, материалдық жағдайы жақсарып жатса, банкроттық мәселесі сұрақтың астында қалатыны сөзсіз. Яғни ол ақша қайдан шықты деген сұрақ тууы мүмкін. Тағы да бір маңызды мәселе – сот процесінде жеке үйі, жалғыз баспанасы сақтала ма деген сұрақ бар. Егер азаматтың жалғыз баспанасы кепіл мүлкі ретінде қойылмаса, онда сақталады. Ал егер кепіл мүлкі ретінде қойылған болса, онда жалғыз баспанасы сатылатыны заңда көрсетілген. Егер сатылған баспанасының құны қарыз көлемінен артық болса, тиісті қарызы төленіп, қалған ақшасы қайтарып беріледі.

Үшінші рәсім – төлем қабілетін жақсарту. Меніңше, бұл – дұрыс шешім. Өйткені төлем қабілетін жақсартуға бағытталып, банкрот деп танымайды. Яғни ол азаматпен банкпен бірге жаңадан кесте жасалып, үстіндегі үстем-ақылары кешіріліп, шоттары бұғатталмайды және банкрот деп танымайды, бірақ сауықтыру жағдайын ретке келтіру, төлем қабілетін қалыпқа келтіру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар қаржылық сауаттылық курсын оқыту міндеттелуде. Бұл да әлде де пысықталу керек деп ойлаймын. Оны кім жүргізеді, қандай оқытушылар, тренерлер болады, ақысы қайдан төленеді, ол курс онлайн бола ма, қандай платформада ұйымдастырылады, осы мәселенің барлығы сұрақ күйінде қалып отыр, – дейді Мақсат Халық.

Жалпы, банкрот болу тиімді ме? Бұл көп көкейіндегі сұрақ екені даусыз. Көпшілік ойлағандай, банкроттық несиені кешіру емес екенін жаздық. Ал жалпы тиімділігі қандай? Тағы да маман кеңесіне жүгінсек, олар халықтың банкрот болуға мүмкіндігінше асықпағаны жөн екенін айтады.

– Дегенмен мен азаматтарға өз-өзіңізді банкрот етуге асықпаңыз дер едім. Себебі азаматтардың басым көпшілігінің қарызы 300-400-500 мың көлеміндегі қарыздар. Бұл өзіңізді 5 жыл бойы банкрот деп жариялап тастайтындай көп қарыз емес. Себебі ертеңгі күні материалдық жағдайыңыз жақсарып, табыс таба бастаған кезде кәсіппен айналысқыңыз келуі мүмкін, сол кезде тағы да несиеге жүгінгіңіз келсе, жолыңыз жабық, кедергі болады. Себебі банкрот болғаннан кейін 5 жылға дейін ешқандай банк сізге несие бермейді. Тіпті шетелге шыға алмайсыз. Тек екі жағдайды рұқсат етіледі, шетелде тұратын жақын адамы қайтыс болып жатса, сондай дәлелді себептер болған жағдайда ғана деп заңда көрсетілген. Мінеки, бұл банкрот деп жариялауға асықпаған да дұрыс екенін көрсетеді. Бір айта кетерлігі, өмірде қиын жағдайға тап болған азаматтарға, қарыздың шырмауына батқан жандарға бұл заңның пайдасы тиеді деген үміттеміз, – дейді экономист Мақсат Халық.

Түптеп келгенде жаңа заң азаматтардың несиесін өтеудегі жауапкершілік, қаржылық сауаттылығын көтеруді көздейді. Яғни кешірім күтпей, жауапкершілікті сезіне білу маңызды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

Қызылорда қаласында 2022 жылы 35 411 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, 309,8 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Одан бөлек 8364 жаңа жұмыс орны ашылған. Бұл жөнінде брифингте қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Аманкелдиев кеңінен баяндады.

Қалада 8364 жаңа жұмыс орны ашылған

Облыс бойынша белсенді жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының 48,2% Қызылорда қаласының үлесінде. Өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жалпы құны 14,8 млрд теңгені құрайтын 1775 жоба қаржылай қолдау тауып, 2073 жаңа жұмыс орны құрылған. Қаржылай жеңілдіктерге қол жеткізген жобалардың 28%-ы қызмет көрсету саласында, 25%-ы сауда саласы бағытында, 26%-ы ауыл шаруашылығы бағытында, 21%-ы өндірістік бағытта қызмет көрсетуде. Оның ішінде, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында субсидиялау бағыты бойынша 11,8 млрд теңгені құрайтын 758 жоба қолдау тапса, қайтарымсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша 56,6 млн теңгенің 16 жобасы қаржыландырылды, – деді бөлім басшысы Бағлан Бақытжанұлы.

Одан бөлек «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы арқылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында 280,2 млн теңгені құрайтын 45 жоба қаржыландырылған. Сонымен қатар «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жоба құны 819,6 млн теңгені құрайтын 101 жоба қолдау тапқан.

Қаланың кәсіпкерлік саласында айтарлықтай даму бар. Мәселен, өткен жылы облыс орталығында «Өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың бірыңғай индустрияландыру» картасы аясында «Нұр Орда жолы», «Вега Пром» серіктестіктерінің асфальтбетон және құрғақ құрылыс қоспаларын шығару жобалары іске қосылды. Кәсіпкер «Пиримжановтың» есік шығару цехы, «Строительно-Транспортная Компания» ЖШС-нің темірбетон бұйымдарын шығару жобалары ел игіліне жарап тұр. Атап айтсақ, жыл көлемінде 11 сауда үйі, 61 сауда нысандары ашылып, 542 адам жұмыспен қамтылған.

А.АЙТЖАНОВА

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ КІМДЕРГЕ ТЕГІН?

Иә, наурыз айынан бастап халықтың жекелеген санаттары қоғамдық көлікте тегін және 50 пайыз жеңілдікпен жүре алады. Атап айтқанда, автобуста тегін жүру мүмкіндігі көпбалалы аналарға, оның ішінде «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері мен «Батыр ана» атағын алған, сонымен бірге I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналар бар.

Қоғамдық көлікте тегін жүру құқығы бұдан өзге I топ мүгедектігі бар жандар мен 7 жастан 15 жасқа дейін балаларға да берілмек. Ал 15-тен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер жолақысының 50 пайызын төлеуге міндеттеледі.

Автомобиль құралдарын пайдаланудағы оң өзгерістер жұртшылықты қуантатыны рас. Мәселен, қоғамдық көлікте балалардың және көпбалалы аналардың тегін жүруі Астана қаласында бұрыннан қалыптасқан. Дегенмен өзге өңір тұрғындары үшін бұл жаңалық қуанарлық жайт.

Осы орайда, жағымды жаңалықтың аймақта орындалуы, облыс, қала әкімдігі тарапынан қандай жеңілдіктер қарастырылатыны туралы білу үшін «Қызылорда Автобус парк» ЖШС басшылығына хабарласуды жөн көрдік.

– Қазіргі таңда тиісті орындардан аталған ақпаратқа байланысты әзірге ешқандай бұйрық не қаулы шыққан жоқ. Заңға сәйкес қаладағы қоғамдық көлік тасымалына қандай да бір өзгеріс енгізілсе міндетті түрде ақпарат беріледі, – деді мекеменің баспасөз хатшысы Аслан Сағындық.

Заңда көрсетілген жеңілдіктердің кейбірі өзге өңірлерде бұрыннан қолданысқа енген. Алайда бұл еліміздің барлық аймағында қамтылуы қажет. Сондай-ақ жергілікті әкімдіктер өз тарапынан қосымша жеңілдік қарастыруына да болады.

Бүгінде қалада №1, 11, 14, 17, 18, 19, 20, 22, 25, 28, 29 және Ягодка саяжайына қатынайтын 12 бағыт үлкен сыйымдылықтағы автобуспен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта мұндай тағы 50 автобус әкелінеді деп жоспарлануда. Үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көліктер келсе қосымша №12, 15, 16, 31 бағытты іске қосу көзделуде. Қазіргі таңда қала жұртшылығын үлкен автобустардың келуі мен жаңа бағыттардың қосылуы қуантуда. Бұған жоғарыда айтылған мүмкіндіктер қоса енгізілсе халықтың қуанышында шек болмасы анық.

Айтпақшы, аталған жеңілдіктерді тек автобус, троллейбус пен трамвай сияқты қоғамдық көлікте пайдалануға болады. Ал метрода жүру тарифі басқаша болмақ.

Басы 1-бетте

Ақмешіт-ақпарат.

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі былтыр атқарылған жұмысына байланысты қорытынды жиын өткізді. Кездесуде бөлім басшысы Жеңіс Файзуллаев алдағы жылдың жоспарымен бөлісті.

231 көше жөнделеді

Былтыр қаланың 49 көшесі жөнделді. Биыл Бәйтерек мөлтек ауданында көпір құрылысы басталмақ. Бөлім басшысы Жеңіс Файзуллаевтың сөзіне сүйенсек, қазіргі таңда «Стандарт ОЙЛ ҚЗО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасау жұмысы жүргізілуде.

– Өткен жылы Қызылорда автобус паркіне «Өнеркәсіп даму қоры» арқылы 150 автобус сатып алынды. Қазіргі уақытта қалаға 100 автобус келді. 50-і осы жылдың бірінші тоқсанында әкелінеді. Аймақ басшысының қолдауымен тағы да 150 автобусқа өтінім бердік, – деді бөлім басшысы.

Биыл қала бойынша 231 көше жөнделеді. 2023 жылдың бірінші тоқсанында халықтың сұранысына ие болған Мұратбаев және Яссауи көшесіндегі Кби шағын ауданына өтетін жаяу жүргізушілер көпірінің құрылысын бастау жоспарда бар.

Осы жылы жаңа құрылыстар, орташа жөндеу, қайта ретке келтіру істері бойынша қызу дайындық жүретін сыңайлы. Сөз соңында бөлім басшысы облыс әкімінің тапсырмасын толық орындауға іс-әрекет жасалатынын жеткізді.

Нұрдәурен ЖӘРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы ҚУ 4 курс студенті

ӘКІМ БІТКЕННІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ

– Талсуаттың тыныс-тіршілігі қалай болып жатыр? Тындырылған іс көп пе, әлде түйіткілді іс басым ба?

– 2022 жылы Талсуат ауылдық округінде біршама жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыстыру арқылы 1 адам жастар практикасына, 1 адам әлеуметтік жұмысқа, 15 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылса, 17 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Электр желілері талапқа сай жүргізілмеген 13 көшедегі ағаш бөренелерді ауыстыру мақсатында жобалау-сметалық құжаты әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Аталған жоба республикалық бюджетке ұсынылып, қазіргі уақытта қаржысы күтілуде. Ауылдық округтегі арық жүйелері жүргізілген 3 көшені аяқ сумен қамту мақсатында 2 ұңғыма қазылып, пайдалануға берілді. Одан бөлек бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ауылдық округте 18 ауыл тұрғыны әртүрлі бағытта кәсіпкерлікті дамытуға несие беру орталықтарынан 89,2 млн теңге несие рәсімдеді. Өткен жылы жоспарланған жұмыстардың барлығы атқарылды.

– Алдағы уақытта қай мәселе шешімін таппақ?

– Алдағы уақытта ауылдық округтегі 8 көше орташа жөндеуден өтеді. Атап айтқанда, О.Сауытбаев тұйығы, Құмкөл, Сейхун, Отырар, Сырдария, 7-ші көше, Көкшетау, Қазалы көшелері жөнделмек. Бүгінгі күні мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдағы Ақтөбе және №7 көшеге түнгі жарықтандыру жүргізілетін болды. Одан бөлек біраз жылдан бері мәселе болып көтеріліп жүрген ауылдық округ аумағында орналасқан әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргіншілер жолын салу үшін жобалау-сметалық құжаты сараптамасымен және Сығанақ көшесіне тас төсеу үшін жобалау-сметалық құжаты сараптамасымен әзірленетін болады. Сонымен бірге өткен жылы құрылысы басталған 150 орындық клуб биыл толығымен аяқталып, ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Мұның барлығы талсуаттықтардың игілігі үшін жасалған жұмыс.

– Өткен жылы үлгере алмаған ісіңіз?

– 2022 жылы жоспарланған жұмыстардың барлығын мерзімінде аяқтадық. Дегенмен әрбір мезіретті мезгілдің өзіне сай жұмыс жоспары бекітіледі. Сонымен қатар уақыт талабына сай туындайтын мәселе де болып тұруы заңдылық. Сондықтан ел ішіндегі әрбір істі өз кезеңімен аяқтауға жұмыс жасалуда.

– Тұрғындар қабылдауыңызға қандай мәселемен келеді және қанша адамның мәселесі шешілді?

– Ауыл тұрғындары қабылдауға әртүрлі мәселемен келеді. Соның ішінде балалар ойын алаңын салу, ойын алаңдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу, көшелерді асфальттау, жаяу жүргіншілер жолын салу, электр желілерін талапқа сай ауыстыру, көшелерге жарық шамдарын орнату сынды басқа да мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табуда. Өткен жылы балалар ойын және тренажер алаңы демеушілік арқылы салынды. Биыл 1 ойын алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ауылда 8 көше орташа жөндеуден өтеді. 13 көшедегі электр желілерін талапқа сай ауыстыруға жобалау-сметалық құжаты әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Бүгінгі күні ұсынылған жобаның қаржысын күтіп отырмыз. Ауылдағы 4 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу және 5 көшені жарықтандыру бойынша жобалау-сметалық құжаты жасалып, екі жобаның да сараптамалық оң қорытындысы алынды. Бұл жобаларды республикалық «Ауыл – ел бесігі» жобасына ұсындық. Халық тарапынан қойылатын қандай мәселе болсын біз үшін өзекті саналады. Ал оның орындалуы – басты талап. Өйткені әкім біткеннің басты мақсаты – ел үшін еңбек ету.

– Өзіңіз басқаратын ауылда тұрасыз ба, әлде қалада ма?

– Иә, ауылда тұрамын.

– Талсуаттағы түйіткілді мәселенің бірі – жол мен балалар ойын алаңы екені айтылып келеді. Бұл мәселе қалай шешіледі?

– Жоғарыда айтып өткендей, 2023 жылы 8 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Ауылдағы балаларға арналған ойын алаңының мәселесін шешу мақсатында өткен жылдың қазан айында «Туран ВодСтрой» ЖШС демеушілігімен балалардың ойын және тренажер алаңы салынды. Сонымен қатар 2023 жылы А.Құнанбаев көшесінде орналасқан балалар ойын алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Ауылдағы әрбір мәселе назардан тыс қалмайды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

КЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫ ЛАЙЫҚТЫ БАҒА БЕРЕДІ ДЕП ОЙЛАДЫМ

– Семсер Зұлпыхарұлы, «Халқына жақын әкім» атанғаныңыз құтты болсын! Озып шығарыңызға сендіңіз бе?

– Рахмет! Алғашқыда мұны білмедім. Әріптестерім «Aqmeshit-aptalygy.kz» ақпараттық агенттігінің телеграм арнасында қалаға қарасты кент пен ауыл әкімдері арасында сауалнама жүргізіліп жатқанын айтты. Содан кейін әлеуметтік желі арқылы жұртшылыққа жетті. Әуелгіде алғашқы орында едім, кейін Талсуат ауылдық округінің әкімі Айбек Жылқыбай озып шықты. Алайда соңғы кезеңде өзімнің алда келе жатқанымды білдім. Әрине, озып шығарыма сендім. Себебі біріншіден, Тасбөгет кентінің халқы көп, одан соң инфрақұрылымы дамыған, жұртшылыққа қажетті, маңызды деген мәселелер шешімін тауып келеді. Осыны ескере отырып кент тұрғындары лайықты баға береді деп ойладым.



– Ел басқару ісі оңай шаруа емес. Бұл салаға қалай келдіңіз?

– Жоғарғы оқу орнын Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Қаржы», Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітірдім. 2008 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналыстым. Дегенмен білімімді ел игілігіне жұмсау үшін мемлекеттік салаға келуді жөн көрдім. 2013 жылы қала әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінде бас маман қызметін атқардым. Одан кейін де түрлі салада қызмет атқарып, тәжірибе жинақтадым. Ал 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап Тасбөгет кенті әкімі қызметіндемін.

– Жұмыс барысында сіздің кабинетте отырмайтыныңызды әлеуметтік желіден байқауға болады. Үнемі маңызды істердің басы-қасында жүресіз. Демек, іскер әкімсіз...

– Кентте орналасқан нөмірі бірінші мекеме болғандықтан өзгелерге үлгі болуымыз керек. Атқарылып жатқан қаншама тірлік бар. Оны бірі білсе, бірі білмеуі мүмкін. Оған қоса қазір әлеуметтік желінің дамыған кезі ғой. Сондықтан жұртшылықты кентте атқарылып жатқан тіршілік барысымен ақпараттандыру үшін әлеуметтік желіні тиімді пайдаланған жөн деп ойлаймын. Бір жағынан халыққа түрлі сала бойынша әсіресе, кәсіпкерлік бағытта қажетті кеңестерді де осы әлеуметтік желілер арқылы білуге болады. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесін жиі ұйымдастырамыз. Бұл ақпаратқа да көпшілік «Facebook» арқылы хабардар. Негізгі мақсатымыз – атқарылып жатқан игілікті істермен кент халқын ақпараттандыру. Жалпы тұрғындардың мұң-мұқтажын білу, кенттің жағдайын көзбен көру міндетіміз ғой. Күнделікті жұмысқа келерден бұрын кент аумағын бір аралап, бақылауды әдетке айналдырдым. Әрі қарай тиісті мамандарға тапсырма беріп, сол бойынша жұмыс істеледі. Бұл жұмысты жүйелі жүргізуде тиімді.

– Тасбөгет кентінің әкімі қызметіне келгеніңізге 3 жылға жуықтапты. Осы аралықтағы нәтижелі істерді айта аласыз ба?

– Кентке әкім болған 3 жылға жуық уақытта атқарылған істер баршылық. Мәселен, мен әкім болып келген тұста шет аймақтағы жолдар нашар еді. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен ұзындығы 17 шақырым 15 көшеге 624 миллион теңгеге қиыршық тас төселді. Осылайша көптен бері шешілмей келе жатқан мәселе шешімін тапты. Мұны тек менің жасаған ісім деуге болмайды. Бұл маған дейін кентті басқарған әкімдердің сұранысы, жасаған жұмысы деуге болады. Келе сала бір істі бастап кетпейсің, бұған дейін атқарылған жұмысқа, сұранысқа, қажеттілікке қарайсың. Содан кейін оны жүзеге асыруды қолға аласың. 2021 жылы «Сабалақ» саяжайына ауызсу жүргізілді. Оған мемлекеттен 1 млрд 300 миллионға жуық қаржы бөлінді. Бұл бірнеше кезеңнен тұратын жоспар болатын. Сол жылы соңғы кезеңді аяқтадық. Осы орайда саяжайда ауызсудан қалыс қалған 50 үй мен Тасбөгет кентіндегі кейін қалыптасқан 4 көшеге демеушілер көмегімен ауызсу жүргізілді.

Сондай-ақ аталған саяжайда былтыр 600 орындық «Сабалақ Орда» мектебі ел игілігіне берілді. Бұдан бөлек «Еңбек», «Өркендеу» саяжайына да ауызсу, электр желілері орнатылды, кентте кейбірі қайта жаңғыртылды. Бұл іс әлі де жалғасын табуда. Тиісті қаражат бөлінген. Сонымен қатар өткен жылдың басты жаңалығы ретінде кентте көп қабатты тұрғын үйлердің бой көтергенін айтуға болады. Осы сияқты жұмыстар істеліп жатыр. Көпшілікті мазалайтыны жол мәселесі ғой. 2021 жылы 13 көше жөндеуден өтсе, былтыр 3 көше асфальтталды. Биыл 17 көшеге жөндеу жүргізуге қаржы бөлінді. Бұдан бөлек, кенттегі білім ошақтарын заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, спорт залдарын жөндеу, алаңдарын салу, басқа да мекемелердің ағымдағы, күрделі жөндеу жұмысы сияқты тірліктер атқарылуда. Кәсіпкерлік саласын қарқынды дамып келе жатыр деуге болады.

– Алдағы жоспарыңызбен бөліссеңіз...

– Кентіміз жылдан-жылға өсіп, өркендеп келеді. Соған сәйкес қажеттіліктің де артатыны белгілі. Оған қоса кентке қарасты саяжайлар бар. Биыл кенттің бюджеті 662,2 млн теңге болып бекітілді. Бұған кент және оған қарасты саяжайларда денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу, жол жөндеу, ауызсу тарту, абаттандыру жоспарлануда. Бұйыртса, наурыз айында «Сабалақ» саяжайында дарынды балаларға арналған мектеп-лицей интернаты пайдалануға беріледі.

– Кент тұрғындарымен қаншалықты жиі кездесесіз? Халықтың мұң-мұқтажын тыңдамай, «бұғып» қалған кезіңіз болды ма?

– Негізі заң бойынша әр аптаның белгілі бір күні біз тұрғындарды қабылдауымыз керек. Бұл – біздің міндетіміз. Менде басқа күндері тұрғындарды қабылдамау керек деген қағида жоқ. Олар толғандырған мәселесі болғандықтан келеді ғой. Таңертең сағат 8-де жұмыс басталады. Мәселесімен келген кез келген тұрғынды қабылдаймын. Оған шектеу жоқ. Одан бөлек, кент халқының басын қосып, жиын өткізіп тұрамыз. Дегенмен көп жағдайда жинала қоймайды. Біреңсаран тұрғындар келіп ортақ мәселені айтып жатады. Қолдан келгенше халықпен етене жақын, ашық болуға, оларды толғандырған мәселені тыңдауға тырысамын. Мұны қызметкерлерден де, басқа мекеме басшыларынан да талап етемін.

Енді тұрғындардың көбісі үй, жер мәселесімен келеді. Шамамыз келгенше шешімін табуға тырысамыз. Баспана мәселесін шешу біздің қолымызда емес. Дегенмен пәтер жалдап беруге, жалға алу төлемін арзанырақ етуге, тұрмысы төмен отбасы болса тегін тұрғызуға қолдан келгенше көмек беріп келеміз. Былтыр осындай жағдайдағы 12 отбасының 1 жылдық төлемі демеушілер есебінен төленді. Үйі өртенген отбасыларға материалдық көмек көрсетуге тырыстық. Жер мәселесі бойынша қазір қала бойынша 70 мыңнан аса тұрғын жер кезегінде тұр. Оның 5 мыңнан астамы тасбөгеттіктер. Жер кезегіндегі тұрғындардың мәселесін былтырдан бастап тиісті сала мамандарымен бірлесіп шешуді қолға алдық. Жер кезегі 2006 жылдың маусым айымен тоқтап тұр екен. Былтыр 130-ға жуық азаматтың құжаттарын рәсімдеуге көмек бердік. Қазіргі таңда 30 азаматтың құжаты рәсімделсе, қалған 100 құжат айналымда. Бұл ұзақ уақытты талап ететін жұмыс. Талапқа сай келсе кенттегі бос жатқан жерлерді тұрғындарға беру мәселесі қаралуда.

– Қаламен біте қайнасып, жақсы дамып келе жатқан кентте көкейкесті мәселелер де аз емес. «Әліңіз келмей жатқан» түйткілді қандай мәселе бар?

– Арман көп қой. «Әлім келеді» деу өтірік болатын шығар. Істелетін жұмыс көп. Әліміз келмей жатқан тұс та бар, оны жасырудың қажеті жоқ. Мәселен, кенттегі №4 емхана ғимараты көптен бері күрмеуі шешілмей тұрған мәселеге айналды. 1984 жылы салынған нысан емхана стандартына сай емес. Бұл емхана тасбөгеттіктерден бөлек, кентке қарасты саяжай, Ақсуат, Ақжарма ауылдық округінің тұрғындарын қамтиды. Қазір емханаға қаралатын тұрғындар саны 40 мыңның үстінде. Сондықтан бұл ғимарат таршылық етеді, кабинет жетіспеушілігі туындауда. Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен келіссөздер жүргізгенбіз. Олар кенттегі туберкулезге қарсы диспансер ғимаратына көшіреміз деген. Алайда әзірге өзгеріс жоқ. Бұдан бөлек, қорым салуға жер бөлу мәселесі де жиі қозғалады. Оның жобасы дайын тұр. Бұйыртса, тиісті қаржы бөлінсе оң шешімін табады.

– «Халқына жақын әкім кім?» сауалнамасында сізден кейін көп дауыс жинаған Талсуат ауылдық округінің әкімі Айбек Жылқыбай болды. Әріптесіңізге қандай баға бересіз?

– Әріптесім Айбек Жылқыбай мемлекеттік қызметтің бірнеше сатысынан өткен тәжірибелі, іскер, таза жұмыс істейтін, талапшыл азамат. Талсуат ауылдық округінде де атқарылып жатқан жүйелі істер жетерлік. Ауыл халқы лайықты бағасын берді деп ойлаймын.

– Шынында, халыққа жақын әкімсіз бе? Сіздіңше, «Халқына жақын әкім» қандай болуы керек? Бұл орайда әріптестеріңізге қандай кеңес бересіз?

– Кеңес беретін жаста емеспін деп ойлаймын (күліп). Бізге әлі жұмыс істеу керек. Кеңесті оқыған, тоқыған, көрген, түйгені мол, ел басқаруда елдің ықыласына бөленген алдыңғы буын ағалар беруі керек шығар. Менің кеңесім – өзің дұрыс жүрсең, дұрыс жұмыс істей білсең, өзіңе тиісті міндеттерді толық атқарсаң, жауапкершілікті сезінсең, тұрғындардың мұң-мұқтажын ести білсең, кішіпейіл болсаң халық өз бағасын береді.

– Мемлекеттік қызмет сізге несімен қызықты?

– Мемлекеттік қызметтің үйретері көп. Егер атқарған жұмысың нәтижелі болса, түйткілді мәселе шешімін тапса, елдің ризашылығына бөленсең, онда елге қызмет еткен әр азаматтың жеңісі деп білемін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан А.СЕЙІЛ

Басы 1-бетте

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Достық үйінде облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті алқа мәжілісі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық басқарма басшылары, онлайн режим арқылы аудандық ардагерлер ұйымдарының алқа мүшелері қатысты.

– Ардагер – қоғам айнасы. Сіздер еліміздің өсіп-өркендеу жолында аянбай еңбек еткен тұлға ретінде ұрпақ санасында есімдеріңіз құрметпен аталады. Қарияларымыздың өнегелі өмір жолы қашанда құрметке лайық. Аймақ басшысының қолдауы нәтижесінде өңір ардагерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер жасалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар әрқашан жалғасын таба бермек, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиын барысында «Петро Қазақстан Құмкөл рессорсиз» мұнай компаниясы бастауыш ардагерлер ұйымының, облыстық білім саласы ардагерлер ұйымының, Байқоңыр қалалық ардагерлер кеңесінің ардагерлер қозғалысын дамыту, ардагерлерді мәдени-көпшілік спорттық шараларға тарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында атқарған жұмыстар туралы баяндалды.

– Тарих қойнауына енген 2022 жыл қасіретті қаңтар оқиғасымен басталып, халқымыз өте қиын сынақты бастан өткерді. Мемлекетіміздің тұтастығына, азаматтарымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің болашағына қауіп төнген сол күндер бәріміздің жадымызда. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарихына «Қасіретті Қаңтар» деген атпен енді. Сол сындарлы сәтте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа бірнеше үндеу жасап, жағдайды жан-жақты түсіндірді. Бұл ретте ардагерлер қауымы да халықты елдік мүддеге шақырып, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін, татулық пен тұрақтылықтың, тыныштық пен бейбітшіліктің қаншалықты маңызды екенін бұрынғыдан да белсенді насихаттап, түрлі қауесеттің, жалған түсініктің қалыптасуына жол бермеді. Өткеннің сабағы ортақ үйімізді – Жаңа Қазақстанды құруға түрткі болды.

Бүгінде Жаңа Қазақстан, Әділетті Қазақстанды құру бастамасы еліміздің асқақ арманына айналды. Президентіміз «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек», – деп мемлекеттік аппаратпен қатар барлық қоғам мүшелері алдында үлкен міндеттерді қойды. Осы үделер тұрғысынан шығу үшін облыстық ардагерлер кеңесі де аянбай еңбек етуге дайын. Жалпыұлттық референдумда ардагерлер қауымы Сыр бойы жұртшылығымен бірге болашағымызды айқындайтын жауапты сәтте өз белсенділіктерін танытты. 25 қазан – Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылып, жаңа мазмұнда қайта түледі. Мемлекет басшысы Республика күнінде сөйлеген сөзінде «Адам мемлекет үшін емес, мемлекеттің игілігі адам үшін» қағидасының басты ұстанымға айналғанын атап өтті. Түбегейлі реформалардың жалғасы ретінде 20 қарашада Президент сайлауы өтті. Сайлау науқанында еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар өрбіді. Бұл ретте облыс ардагерлері еліміздің Президентімен бір екенін көрсетіп, өз таңдауын жасады. Алдағы саяси науқандарда да ардагерлер қауымы бірлік пен елдіктің жоғары ұстанымын көрсетіп, Сыр өңірі халқының ынтымағы мен берекесінің артуына бар күш-жігерін, ақыл-парасатын жұмсайтынына сенімдімін. Сол мақсат жолында бірге жұмыс жасала бермек. Бүгінгі алқа мәжілісі соның серпінді үлгісіндей көрініс тауып отыр, – деді Серік Әбішұлы.

Алқа мәжілісінде қосымша хабарламалар тыңдалып, алқа мүшелерінің сауалдарына жауаптар берілді.

Ардагерлер қозғалысын дамыту, өзара тәжірибе алмасу, жұмыстың жаңа тиімді тәжірибелерін іздестіру мен пайдалану мақсатында, жергілікті ардагерлер ұйымдарының жұмыстары жоспарланды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Петро Қазақстан Құмкөл Рессорсиз» мұнай компаниясы бастауыш ардагерлер ұйымының ардагерлер қозғалысын дамыту, ардагерлерді мәдени-көпшілік, спорттық шараларға тарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында атқарған жұмыстары туралы» хабарлама жасау бойынша бастауыш ұйым төрағасы Барлыбай Тоқсанбайұлы баяндама жасап, алдағы атқарылар жұмыс ауқымын таныстырып өтті. Сонымен қатар облыстық білім саласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғалым Башарұлы биылға жоспарлаған жұмыс жоспарын атап өтті.

Жиын қорытындысында алдағы өтер алқа мәжілісіне ұсыныстар айтылып, қосымша пікірлер енгізілді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

КӨКТЕМГІ ТАСҚЫНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Министрдің сөзіне сүйенсек, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай облысын су алу қаупі бар. Былтырғы талдау нәтижелері бойынша, су тасқынының негізгі себептері – өзен арналарының балдырлануы мен лайлануы, арық жүйелердің болмауы, су қорғау аймақтарында тұрғын үйлердің салынуы. Юрий Ильиннің айтуынша, су тасқынына қарсы іс-шараларды атқаруда жергілікті әкімдіктер дұрыс жұмыс істемейді.

– Әкімдіктер 2022 жылға көзделген Жол картасының барлық іс-шараларын іске асырған жоқ. Бүгінде 15,6 миллиард теңгеге 41 іс-шараны іске асыру аяқталмаған. Бұған жергілікті бюджеттерден қаражаттың бөлінбеуі немесе уақытылы бөлінбеуі ықпал етті. Өткен жылдардағы тәжірибе бойынша, елді мекендерді су басу қаупінің алдын алуда қардың уақытылы шығарылуы, су айдау құралдарының болуы және өзендердегі мұздың әлсіреуі маңызды, – деді министр Юрий Ильин.

Сонымен қатар Премьер-Министр Әлихан Смайылов тасқынға қарсы дайындық мәселесінде әкімдіктер мен Төтенше жағдайлар министрлігінің арасында үйлескен жұмыс жоқтығын сынға алды.

– Наурыз айы қалыпты нормадан жылы болады деген болжам бар. Демек, қардың күрт еруінен елдің бірқатар өңіріндегі жағдай қиындап кетуі мүмкін. Кейбір аймақтардағы жағдай жылдан-жылға қайталанып келеді. Бұл бірінші кезекте Төтенше жағдайлар министрлігі мен жергілікті билік арасындағы жауапкершілікті бір-біріне сілтеу мәселесіне қатысты болып отыр, – деді Үкімет басшысы.

Сондай-ақ Үкімет басшысы су тасқынының алдын алу және одан келетін шығындарды азайту әкімдіктердің жүйелі жұмысына тікелей байланысты екенін қадап айтты.

Министрдің болжамына сүйенсек, наурыз айында Оңтүстік өңірлерде су тасқыны басталады. Қазір жергілікті билік каналдар мен арықтарды тазарту жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұдан бөлек, Индустрия министрлігі республикалық жолдың 387 учаскесін де су басуы мүмкін екенін айтты. Аталған аумақтарға 500-ге жуық техника бекітілген екен. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жауапты министрліктер мен жергілікті әкімдіктерге көктемгі су тасқынына дайындықты бастауды тапсырды.

Ал Сырдағы ахуал қандай? Биылғы қыста Сырдарияны толықтай мұз басты. Күн жылыған сәтте қауіп келуі де мүмкін. Сондықтан да тілсіз жаудан сақ отырудың артықтығы жоқ.

Сыр өңірі аумағындағы су тасқыны қауіпті кезеңде төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында облыстық ТЖД бастығының орынбасары подполковник Б.Әбдіқадыров аудандарды аралап, көктемгі дайындықты пысықтап қайтты.

Облыстық төтенше жағдай департаментінің мәліметіне сүйенсек, облыс көлемінде 29 елді-мекенді су басу қаупі төніп тұр. Осыған орай аймақта 60 эвакуациялық жинақтау, 78 эвакуациялық қабылдау пункті орналасқан. Өзенге жақын жерде тұратын тұрғындар арасында тұрақты үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда жоғары су арналарынан секундына 600 текше метр су келуде. Алайда төтеншеліктер су тасқынына байланысты қауіп бар екенін жасырмайды. Жауапты мамандар мол суды, тасқын болдырмай облыс аумағынан жоспарлы түрде өткізіп жіберуге дайын екендіктерін айтады. Алайда апат айтып келмейтіні тағы бар. Қалай десек те қауіпті аймақтар барлық сақтық шараларын қолданып, көктемгі тасқыннан тұрғындар зардап шекпейтіндей дайын болғаны жөн.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Театр – тәрбие бесігі. Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп баға беруі де тегін болмаса керек. Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету әсте мүмкін емес. Осындай өнер саласында, киелі сахна төрінде талай спектакль де өз рөлін керемет сомдап, көрермен қошеметіне бөленіп жүрген талант иесі, біздің бүгінгі сұхбатымыздың кейіпкері – Ақтолқын ТҮЛЕУОВА.

Ол 2009 жылдан бастап Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының актрисасы болып қызмет атқарып келеді. Жақында көрермен назарына моноспектакль ұсынылды. Моноспектакль дегеніміз, бір әртіс сахнаға жалғыз өзі шығып, бірнеше рөлді сомдап шығады. Спектакльдің бұл түрі оңай жанрға жатпайды. Міне, жыл басында Сыр сахнасында өткен моноспектакльдегі басты кейіпкеріміз – Ақтолқын ЕРАХАНҚЫЗЫ.

Сыр сахнасындағы Ақтолқын

– Ақтолқын, бірнеше жылдан бері театр сахнасында, көрермен көзайымы болып келесіз. Содан бастап біраз рөлді сомдаған боларсыз? Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Иә, Алланың қалауымен Қызылорда облысына 2009 жылы келдім. Ол кезде бар болғаны 20 жаста едім. Театр табалдырығын аттай салып бірден үлкен рөлге тап болдым. Мұстафа Шоқай қойылымы алынып, мен сол Мұстафаның әйелі Мәрия Шоқай рөліне түстім. Ол мен үшін үлкен бақыт болды.

Әйткенмен енді ғана театрға келіп, осындай қиын әрі жауапты рөлді сомдауға аздап жүрексінгенім де бар. Басында қатты қиналдым, режиссер Хұсейін атадан күнде ескерту алатынмын. Арасында жастықпен жылап та алатын сәттер болды. Қазір сол кездерді ойласам, күліп аламын.

Міне, содан бастап қазіргі уақытқа дейін 30-дан астам кейіпкерді сахнаға алып шығыппын. Бірақ сол кейіпкерлердің бәрін ойнап шығу мен үшін оңай болмады. Әрине, арасында қиындықтар да кездесті. Сондай сәтте театрымыздың аға буын әртістерінің Әлия Арысбайқызы, Кәмиля Әбжанова, Үмігүлсім Бегімова, Ұлпатай Баяділова, Залипа Төлепова секілді апаларымның ақыл-кеңесі арқылы көп нәрсені үйреніп, кейіпкерлерді сахнаға тәп-тәуір алып шықтым деп ойлаймын. Жасты демегеннің өзі – үлкен еңбек. Бұл кісілерге алғысым шексіз.

– Жыл басында өткен моноспектакльді ойнап шықтыңыз. Бір сағатта 3 әйелдің кейпінде ойнау қиынға соқпады ма?

– Біздің 69 жылдық театр тарихында моноспектакль болмаған екен. Бір сөзбен айтқанда, театр тарихында алғаш рет моноспектакль ойнаған актриса болып қалдым. Жалпы моноспектакль ойнау – ол әрбір әртіс үшін арман. Өнер саласындағы ондай бақыттың маған бұйырғанына таңғалып, шүкір еттім.

Бұл Ахмет Ақмоншақтың «Бейтаныс таныстар» инценировка желісінде жазылған пьесасы болатын. Мұнда жалпы 5 әйел болды. Режиссерім Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының драма театр режиссері мамандығының 5-ші курс студенті Үсен Рамазан шығарманың атын өзгертіп, «Шырмауық» деп алып, қысқарту енгізіп, маған ұсынды. Әрине, оның жастығына байланысты басында күдік болды. Бірақ жұмыс басталды, бізге арнайы уақыт берген жоқ, тек түскі үзіліс уақытымнан бір сағат күнделікті жұмыс жасай бастадық. Мен де бірден жұмысқа кірісіп, екеуара спектакльді талқылап, 5 әйелді 3 әйелге қысқарттық.

Моноспектакльдің ең қиыны – жалғыз адамның ойнауында. Бұл спектакльді әкелгенде ойнауға келісіп, Соңынан қиналғаным да рас. Бірақ студент деп қарамай, кәдімгідей шығармашылық жұмыс басталды. Ойымды да, санамды да толық осы спектакльге арнадым. Кез келген адамның басында қиындықтар болады. Сондай сәттер менде де кездесті. Әйткенмен оның бәрін жұмысқа араластыруға болмас. Сондықтан ойымды жинақтап, тек моноспектакльге бұрдым.

Енді қараңыз, үш бірдей әйелдің кейіпін сахнада бір адамның өзі ойнап тұрғанын көз алыңызға елестетіп көріңізші. Спектальдің жанры психодрамалық, аты айтып тұрғандай 3 бірдей әйелдің тағдыры күйзеліске түскен түсініксіз шырмауық тәріздестеніп кеткен тағдырлар болды. Жалпы бұл спектакльді көрген адам өміріне шүкіршілік айтып, тәуәбесіне келері анық. Мұндағы менің әсерім – бақыт ол өз қолында.

Қысқа сұраққа нақты жауап:

– Хоббиіңіз?

– Нақты хоббиім жоқ екен, – деп кейіпкеріміз бір күліп алды.

– Соңғы оқыған кітабыңыз?

– Махаббат қызық мол жылдар кітабын қайта бастадым.

– Адам бойындағы ұнамайтын қасиеттер?

– Екіжүзділікті ұнатпаймын.

– Өмірде нені бағалайсыз?

– Отбасымды бағалаймын.

– Сіз үшін өмірдің мәні неде?

– Мен үшін өмірдің мәні – адам болып келіп, адам болып кету.

Бағаласаң бақытың мәңгілік жаныңда болады, бағаламасаң ұшып кетеді деген ой түйдім.

– Мұндай моноспектакль тағы да жалғасын таба ма? Көрмей қалған көрермендер де баршылық.

– Иә, дұрыс айтасыз. Сол көрермендердің сұранысы бойынша келер айда 7-10 ақпан аралығында тағы да қойылатын болды. Жалпы әр әртіс бағын сынап, осындай моноспектакльдерде ойнағаны дұрыс деп ойлаймын.

– Өмірде нәзік жанға актриса болу қиын емес пе? Қалай ойлайсыз?

– Әрине, қыз балаға өнер адамы болу қиын. Бірақ өмірмен бірге өнерді алып жүру ол – бақыт. Өнерге шын берілген адам үшін қиындық жоқ деп ойлаймын. Менің жолдасымның өзі – өнер адамы. Содан да болар, маған өнер адамы болу қиынға соқпады. Өйткені өмірлік адамым да өнерді жақсы түсінеді.

– Егер сізге басқа мамандық таңдау сәті бұйырса, қай маман иесі болар едіңіз?

– Ондай мүмкіндік бола қалса, тағы да театрды таңдар едім. Тіпті өмірге қайта келсем де, осы мамандықты таңдаймын. Себебі театрды шынайы жақсы көремін. Осы күні әрбір сахнаға алып шыққан кейіпкерім менің жандүниемнің бір бөлшегі тәрізді десем де болады.

– Өнер саласындағы сіз үшін ерекше марапат?

– Өте орынды сұрақ. Еңбек бар жерде бағалау болса, ол шабытты шалқытары сөзсіз. Менің ең үлкен жетістігім – ауыспалы жүлде. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әлия Арысбайқызының атындағы «Ең үздік әйел» бейнесі. Осы марапатты 2017 жылы алдым. Жалпы 3 рет театрда «Ең үздік әйел бейнесі» марапаты маған бұйырды. Менің мақтанып, марқайып айтатын жетістігім – осылар.

– Отбасыңыз жайлы айтып өтсеңіз. Күйеуіңіздің де өзіңіз секілді әртіс екенін жақсы білеміз. Өнер саласында өзіңіз айтқандай, «Ең үздік әйел бейнесісіз». Ал өмірде отбасында қандай жансыз?

– Иә, Аллаға шүкір дей айтуым керек. Құдай қосқан өмірлік жолдасым Сырым Әбдіразақовтың да өнер адамы болғаны – үлкен бақыт. Жолдасымның да осы салада өз өз орны, өз көрермені бар мықты актёр деп толық айта аламын. Екеуміздің шаңырақ көтергенімізге 10 жыл толды.

Бүгінде Табиғат есімді қызбен, Райымбек атты ұлды тәрбиелеп отырмыз. Қызымыз өте алғыр, 3 сыныпта оқиды, ал ұлымыз 4 жаста. Баламыздың есімін жолдасым екеуміз бірге ұстазымыз Райымбек Сейтметовтің құрметіне арнайылап қойдық. Шыны керек, ол кісіні көбі жақсы біледі, мектеп ашып, бала тәрбиелеген ұлы тұлға. Ұлымыз да сондай ұлы тұлға болсын деген ниетіміз бар. Жалпы отбасымда қолымдағы бақытыма жанашыр, жақсы көретін, оларды мақтан тұтатын, олардың амандығына шүкірмен қарайтын жанмын.

– Әрбір адам әр жылға жаңа мақсат құрады. Сіздің мақсатыңыз қандай?

– Расында да, көпшілік кәдімгідей дәптер алып, жоспар құрып жататынын естиміз. Бірақ менің бойымда ондай қасиет жоқ. Мендегі ұстаным – адамның дегені болмайды, Алланың дегені болады. Өзім барлық істі Алла сәтін сал деп қана бастайды екенмін.

– Онда әрбір бастайтын ісіңізге Алла сәтін салсын демекпіз. Әдемі әңгімеңіз үшін рақмет.

Сұхбаттасқан: **Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**

Олимпиада – оқушының қандай мамандыққа бейім екенін айқындайтын, білім көрсеткішін саралайтын сынақ. Мұндай білім бәйгелерінде шын үздіктер анықталады.

ОЛИМПИАДАНЫ АТА-АНА БАҚЫЛАЙ АЛАДЫ

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей базасында жылдағы дәстүр бойынша оқушылар арасында республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі басталды.

Олимпиада 9-11 сынып оқушылары арасында физика, математика пәні бойынша өтуде. Талапкерлерге қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Боданов сәттілік тіледі.

– Жарысқа математика, физика пәнінен барлығы 146 оқушы қатысуда. Білім бәйгесінде шәкірттеріміздің мерейі үстем болсын. Білім алуға барлық мүмкіндіктер жасалуда. Алдағы уақытта қалаған мамандық иесі атанып, үлкен жетістікке жетулеріңе тілекшіміз. Айта кетейік, олимпиада «respa.daryn.kz» онлайн платформасы арқылы жүргізілуде. Әр қатысушы үшін жеке компьютер және веб камера бекітілген. Екі сағат уақыт беріледі. Бұл біздің оқушыларға толық жеткілікті деп есептейміз. Жауаптары 16 сағаттың ішінде шығады. Сіздерге үлкен сәттілік тілеймін, – деді қалалық білім бөлімінің басшысы.

Математика мен физика пәні бойынша 9-11 сыныптар арасында 146 оқушы сынақ тапсыруда. Іріктеу кезеңі 30 қаңтар мен 3 ақпан аралығында өткізіледі деп күтілуде.

Қала аумағындағы 55 мектеп пен 15 жеке мектептен барлығы 1572 оқушы бақ сынайды. Жүлделі орын иеленген оқушылар облыстық кезеңге жолдама алады. Ал одан озық шыққан талапкерлер республикалық кезеңге қатысады. Үміт пен сенім қатар үйлесім тапқан білім додасында жас жеткіншектерге жеңіс сәттілік болады деп сенеміз.

Олимпиаданың өту барысын «Адалдық алаңы» кеңсесінің мамандары, ата-аналар комитеті, қоғамдық емес ұйым өкілдері бақылауда. Осыған орай ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету үшін оны өткізу процесі онлайн режимінде «youtube» желісі арқылы жүргізілуде. Әрбір аудиториялар бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген.

Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізудегі биылғы ерекшеліктердің басымдығы келесі тұрғыда іске асырылады:

Олимпиада «respa.daryn.kz» онлайн платформасы арқылы жүргізіледі. Әр қатысушы үшін жеке компьютер және веб камера бекітілген. Тапсырмалардың алдын ала көпшілікке жарияланып кетуін болдырмау мақсатында әрбір қатысушыға жеке код белгіленеді. Сонымен бірге қатысушылардың ғимарат ішіндегі қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, олимпиаданы өткізілетін мерзімдерде ғимараттың тұрақты электр энергиясымен, интернет желісімен қамтамасыз ету жұмыстары толық жүргізілді. Олимпиада бойынша сұрақ туындаған жағдайда мәселелерді жылдам шешу мақсатында СаІІ-орталығы (87242 212883) ұйымдастырылды.

Олимпиада жүлдегерлері Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

М.ШАЙДУЛЛА

ДШ-да бірінші тұратын қыз

Ортадан асып, жоғары класқа жақындаған 9 «ә»-нің оқушыларымыз. Класқа жаңадан келген бір бала бар-тұғын. Қашан көрсең, сөмкесінен жарты тапа нан алып жатқаны. Соны ұлға да, қызға да бөлісіп отырады. Бір ғана көзқарасымен әсер қалдыратындай жанары ерекше, өткір. Қатардағы бозбалалардан қалыспайтын тентектігі де бар. Қысқасы, төменгі сыныптың қыздарын біраз әуреге салған жігіт.

Қазір бар ма, білмеймін, сол кезде хат жазу, хат тасу деген дәстүр бар-тын. Мүмкін соны көрген соңғы буын біз шығармыз. Ойлап қарасаңыз, ол да өнер. Кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Екінші тоқсан. Қақаған қыстың кезі. 5 минуттық әлде 10 минуттық па бәрібір, қоңырау соғылса, далаға шығып, қар атысып келеміз. Кабинетке қарды тығып әкеліп, қаннен қаперсіз отырған сыныптасыңа лақтырасың кеп. Сосын оның жауабын келесі қоңырауда аласың. Кейде осындай талас-тартыстың соңы бір қыздың жылауына ұласып, енді «қар лақтырмастай» боп қалатынымыз бар. Бірақ ертеңіне ештеңе болмағандай осы бір жазылмаған сценарийді қайталаймыз. Не керек, бірге оқыған бірнеше жылдың ішінде-ақ бір-біріміздің тентектігімізге де, қыңыр-қисықтығымызға да қанық боп алдық.

Хат жазудың да қызығы қармен бірдей. Қоңырау соғылғанын естіген біз жамырап ішке келдік. Әлгі қаладан келген жігіт сөмкесінен хат тауып алып, оны кім салғанын сұрап жатыр екен. Апай әлі сыныпқа кірмеген. Шуылдастық та қалдық.

– Кім жазған?

– Қәне, бірге оқимыз.

– Ап келш(і), мен оқимын.

– Дауысыңды шығарып оқы!

Осылайша сыныптағы ұлдардың біреуі хатты қолынан жұлып алды да, иесін ұмытқан күйі дауыстап оқи бастады. Қалғанымыз уағыз тыңдағандай ұйып, бір жерге жиналып қалғанбыз. Хаттың бас жағында не жазғаны нақты есімде қалмапты. Бірақ бір қыз әлгі қалалық сыныптасыма сезімін білдіріп, жақсы көретінін мойындапты-мыс. Бізден төменгі сыныптардың бірінен келгені белгілі.

Ал кім жазған екен? Хаттың ең қызық бөлігі де осы. Есеп дәптердің бір парағына жазылған хаттың астыңғы жағына, бұрышына кішкентай қылып «Кім екенімді білгің келсе, ертең түскі 2-де спорт залға кел. Дене шынықтыруда бірінші тұратын қызбын!» деп жазыпты автор. Әдетте мектепте ДШ сабағында алдымен ұлдарды, содан соң қыздарды бой-бойымен сапқа тұрғызатын еді ғой. Кімнің бойы ұзын, сол алға шығады. Кім қысқа, ең соңына орналасады.

Бірнеше күннен кейін хат жазған қыздың кім екенін білдік. 7 сыныптың қызы. Сол оқиғадан кейін біраз уақыт бойы сыныптағылар, әсіресе ұлдар әлгі қызды көрген сайын «ДШ-да бірінші тұратын қыз» деп мазақ етіп, екеуін қосып, рақаттанып алатынды шығарды. Хат жазған қыздың бірінші боп сезімін білдірген батылдығына, жүрегінің нәзіктігіне де пысқырмағанбыз ғой.

Арада біраз жыл өтті. Қазір ешқайсысымыз қыздың бірінші боп сезімін білдіргеніне күле қарамаймыз. Бұрынғыдай басқалардың хатын оқымайтынбыз. Алайда олай хат жазатын да, таситын да адам жоқ. Қар да лақтырыспаймыз. ДШ-да бірінші тұратын қыздың қайда екенінен де бейхабармыз. Мүмкін, есейе бастаған шығармыз?..

Дина БӨКЕБАЙ

Қысқа әңгімелер

– 40-қа келсеңіз де әлі жұлдыз-жорамалға сенесіз бе?

– Сенбеске амалым жоқ. Өйткені газет бетіндегі жорамалда ғана ең бай адаммын.

***

Ол сахнада ән салып тұр еді, кенет шығып жатқан дауыс өзінікі емес екені есіне түсті.

***

Әйелін ұрып жатқан Дәуренге белгісіз номерден қоңырау шалды: «Мерейлі отбасы-2022» байқауынан бас жүлде алдыңыздар, құтты болсын!».

***

– Құдай үшін көмектесіңізші, – деді сыған әйел.

– Құдай бар ма? – деді аула сыпырушы.

***

Түс көру үшін ұзағырақ ұйықтар едім, себебі түсімде ғана сүйгеніммен біргемін, шынайы бақыттымын, қалағанымның бәрі қолжетімді.

***

«Сүйемін» деді жүрек. «Өтірік» деді ми. Ал ол миын да, жүрегін де тыңдағысы келмеді. «Сенде жүрек жоқ» деген ән қосылып тұрды құлаққапта.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2810 **Тапсырыс №164**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ